

## "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 ақпан N 275

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы  
Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ТУРАЛЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын мемлекеттік басқарудың, оларды мемлекеттің және автомобиль жолдарын пайдаланушылардың мүдделерінде салудың, пайдаланудың және дамытудың құқықтық, ұйымдастыруышылық және экономикалық негіздерін реттейді.

1 - тарапу.      ЖАЛПЫ      ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар  
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобиль жолы - автомобильдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, көлемдермен үздіксіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ететін, автомобильдер қозғалуына арналған инженерлік құрылыштар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер участеклері (көлік жерлері) және олардың үстіндегі белгіленген көлем шегіндегі әуе кеңістігі;

2) бөлінген жиек - автомобиль жолының тиісті құрастырмалы элементтері мен инженерлік құрылыштарын, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті ғимараттарды,

құрылыштарды, қорғаныштық және сәндік екпе ағаштарды және жол байланысы құрылғыларын орналастыру үшін автомобиль жолдары алып жатқан көлік жерлері;

3) жол бойғы жиек - шекарасында пайдаланудың ерекше шарттары белгіленетін, автомобиль жолдарының бөлінген жиегіне жанасатын жер участелері;

4) автомобиль жолының ұзақтығы - километрлік белгілер бойынша тікелей көрсетілген, объектілердің немесе елді мекендердің арасындағы жолдың нақты

ұзындығы ;

5) ақылы автомобиль жолы - жүргүзілген ақы алынатын және міндетті түрде жалпы пайдаланымдағы қосарланған автомобиль жолы бар жол;

6) көше (көшениң қозғалыс бөлігі) - қалалардың немесе өзге де елді мекендердің шекарасы шегінде гі жол ;

7) ірі көлемді көлік құралы - көлемі нормативтік құқықтық актілермен белгіленген көлем мөлшерінен асатын жүргі бар немесе жүксіз көлік құралы;

8) ауыр салмақты көлік құралы - толық салмағы немесе оның білігі бойынша жүктеменің орналастырылуы осы жол санаты мен ондағы құрылыштар үшін рұқсат етілген шекті жүктемеден асатын жүргі бар немесе жүксіз көлік құралы;

9) автомобиль жолдарын пайдаланушылар - жол қозғалысына қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдарының бөлінген жиегі мен жол бойғы жиегінің шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар;

10) жол органдары - мемлекеттік жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын басқаруды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар;

11) жол қызметі - автомобиль жолдарын және ондағы құрылыштарды жобалаумен, салумен, қайта жаңартумен және жөндеумен ұштасатын күтіп-ұстау және пайдалану жөніндегі қызмет ;

12) автомобиль жолдарының иелері - автомобиль жолдарының меншік иелері болып табылатын немесе оларды басқару жөніндегі қызметті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жеке және занды тұлғалары ;

13) жол қызметін басқару - жолдардағы қауіпсіздік пен қолайлылықты ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, автомобиль жолдарының және құрылыштардың көліктік-пайдалану жай-күйін арттыруға, автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін және оларды қорғау тәртібін қамтамасыз етуге, нормативтік, техникалық және құқықтық құжаттар мен озық технологияларды енгізу негізінде автомобиль жолдарын жобалауды, салуды, жөндеуді және күтіп-ұстауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені .

## 2-бап. Автомобиль жолдары туралы зандар

1. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары туралы зандары Қазақстан Республикасының K951000\_ Конституциясына, Қазақстан Республикасының

Азаматтық К941000\_ кодексіне негізделеді, осы Заңдан және жол қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгеннен өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

### 3-бап. Автомобиль жолдарын жіктеу

1. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары, ведомстволық автомобиль жолдары, жеке меншіктегі автомобиль жолдары, сондай-ақ қалалар мен өзге де елді мекендердің көшелері болып бөлінеді.

2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары (қалалар мен өзге де елді мекендердің шекарасы шегінен тыс жерлерде) өздерінің әкімшілік маңыздығы бойынша халықаралық, респубикалық және жергілікті маңызағы жолдар болып бөлінеді:

1) халықаралық маңызағы автомобиль жолдарына көрші мемлекеттердің бас қалаларын қосатын, сондай-ақ мемлекетаралық келісімдерге сәйкес халықаралық автомобиль жолдары желісіне кіретін автомобиль жолдары жатады;

2) респубикалық маңызағы автомобиль жолдарына республиканың ірі әкімшілік, мәдени және экономикалық орталықтары, сондай-ақ көршілес мемлекеттер арасында көлік қатынасын қамтамасыз ететін автомобиль жолдары және қорғаныстық автомобиль жолдары жатады;

3) жергілікті маңызағы автомобиль жолдарына республиканың әкімшілік орталықтарын аудандардың әкімшілік орталықтарымен, ауылдық елді мекендермен, сондай-ақ аудан орталықтарын респубикалық маңызағы жолдармен қосатын автомобиль жолдары жатады.

3. Ведомстволық автомобиль жолдарына шаруашылық субъектілерінің өндірістік-шаруашылық тасымалдарына қызмет көрсететін, солардың аумағындағы автомобиль жолдары, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарынан оларға кіреберіс жолдар, ауыл шаруашылығы үйымдарының ішкішаруашылық жолдары, қызметтік және патрульдік автомобиль жолдары жатады.

4. Жеке меншік автомобиль жолдарына азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі автомобиль жолдары жатады.

5. Қалалардың және өзге де елді мекендердің көшелеріне қалалар мен өзге де елді мекендердің шекарасы шегінде орналасқан және көлік байланысын қамтамасыз ететін жолдар, көшелер және жол өтпелері жатады.

6. Автомобиль жолдарының жол желісіндегі рөліне, олардың пайдалану сипаттамаларына, геометриялық параметрлеріне, сондай-ақ жол қозғалысының үдемелілігіне қарай автомобиль жолдары белгіленген тәртіппен техникалық жіктеуге (жолдардың санаттары бойынша) жатады.

7. Автомобиль жолдарын жіктеудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының **Үкіметі** белгілейді.

8. Халықаралық және республикалық маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбелерін, сондай-ақ қорғаныстық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының **Үкіметі** бекітеді.

Жергілікті маңыздағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбелерін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жергілікті **атқарушы** **органдар** бекітеді.

9. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары, ведомстволық автомобиль жолдары, жеке меншіктегі автомобиль жолдары, қалалардың және өзге де елді мекендердің көшелері Қазақстан Республикасының **Үкіметі** белгілеген тәртіпте мемлекеттік есепке алуға жатады. Есепке алу мәліметтері автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып жарияланатын Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарының карталары мен атластарын құрастыруда пайдаланылады.

**4-бап. Автомобиль жолдарына меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар**

1. Автомобиль жолдары мемлекеттік те, жеке де меншікте болуы мүмкін.

2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары республикадағы негізгі қатынас жолдары болып табылады және мемлекеттік меншікте болады.

3. Ведомстволық автомобиль жолдарына меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар осы жолдар қарамағында болатын занды тұлғалардың меншік нысанымен айқындалады.

4. Жеке меншік автомобиль жолдары Қазақстан Республикасының занды немесе жеке тұлғасының меншігі болып табылады.

5. Қалалардың және өзге де елді мекендердің көшелері тиісті жергілікті атқарушы органдардың қарамағында болады және коммуналдық меншік болып табылады.

6. Қазіргі автомобиль жолдарын жекешелендіру Қазақстан Республикасының жекешелендіру туралы зандарына сәйкес жүзеге асырылады. Жекешелендіруге жатпайтын жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін Қазақстан Республикасының **Үкіметі** бекітеді.

**5-бап. Ақылы автомобиль жолдары**

1. Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен ақылы автомобиль жолдары құрылуы мүмкін.

2. Жүру жағдайларының едәуір жақсаруын және қозғалыс уақытының елеулі үнемделуін қамтамасыз ететін жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында және

қозғалыс үдемелілігінің үлкен көлеміне қарай олар арқылы көлік құралдарының жүруі үшін алым алынуы мүмкін. Бұл ретте осы бағытта жүру үшін ақы алынбайтын басқа да жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолы болуы міндettі.

3. Ақылы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының участекерін, ақылы көпір өтпелерінің тізбесін, оларды пайдалану тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ жүру үшін алынатын алымның ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік автомобиль жолдарын, көпірлерді, өткелдерді пайдаланушыларға қолданылуы заң актілерінде көзделмеген және жүкттер мен жолаушылардың автомобиль көлігімен еркін қозғалуын тікелей немесе жанама түрде шектейтін салықтар, алымдар және төлемдер белгілеуге тыйым салынады.

## 2-тарау. АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ЖЕРЛЕРІ

### 6-бап. Автомобиль жолдарын орналастыру үшін жер участекерін беру

1. Жерді пайдаланушыларға мемлекеттік жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салу және ұстай үшін жол санатына қарай және жобалау құжаттамасына сәйкес қолданылып жүрген нормалардың негізінде бөлінген жиекке арналған жерлер беріледі. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының мұқтаждары үшін жерлер жол органдарына тұрақты немесе уақытша пайдалануға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бөлінеді.

2. Жобаланатын жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегінің мөлшері жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары үшін жер бөлу стандарттары мен нормаларына сәйкес оның санатына қарай белгіленеді.

3. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарына арналған жерлер тиісті атқарушы органның шешімімен беріледі және оны жер ресурстарын басқару жөніндегі жергілікті аумақтық органдар бекітеді.

4. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары алып жатқан жерлер мемлекеттік меншікке жатады, жеке меншік иесіне беруге жатпайтын және бөлінбейтін болып табылады. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары жерлерінде, осы жерлерді белгіленген келісу тәртібін бұзу арқылы салынған кез келген құрылыштар заңсыз деп танылады және заңдарда белгіленген тәртіппен өз еркімен құрылыс салуды жүзеге асырған тұлғалардың есебінен бұзуға жатады.

5. Ведомстволық және жеке меншік автомобиль жолдары үшін жерлер Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарында белгіленген тәртіппен беріледі.

### 7 - бап . Ж о л б о й ғ ы ж и е к

1. Жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын, сондай-ақ оларды қайта жаңартуды, жөндеуді және ұстауды, жол инфрақұрылымдарының объектілерін орналастыруды

жүзеге асыру мүмкіншілігін ескере отырып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автомобиль жолдарын пайдалануға жағдай жасау үшін жол бойғы жиек белгіледі.

2. Халықаралық және республикалық жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары үшін, бөлінген жиек шекарасынан есептегенде, жол бойғы жиек әрбір жағынан 50 метрден кем болмауды тиіс.

3. Халықаралық және республикалық жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жол бойғы жиегіне, жол қызметі объектілерін және жолдық сервис объектілерін қоспағанда, күрделі құрылыштар салуға тыйым салынады.

4. Жолдық сервис объектілерін жол бойғы жиекке немесе оның шегінен тыс жерлерде объектілерді орналастыру үшін, егер оған кіру үшін кіреберіс жолдар қажет болса, жер участкерін беру туралы шешімді оған уәкілеттендірілген орган белгіленген тәртіппен, жол органдарымен келісе отырып қабылдайды.

5. Халықаралық және республикалық жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жол бойғы жиектерінде орналасқан кіреберіс жолдарды (жанасуларды, құламаларды) және басқа объектілерді жайластыру, жөндеу және ұстau жөніндегі шығыстарды осы объектілердің иелері көтереді.

#### 8-бап. Автомобиль жолдарының бөлінген жиегін пайдалану тәртібі

1. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегінің жерлері жол органдарының иелігінде және пайдалануында болады әрі тек автомобиль жолдарын дамытуға, жайластыруға және жолдық сервис объектілерін орналастыруға арналған.

2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегінде тиісті жол органдарының рұқсатынсыз жұмыстар жүргізуге немесе қандай да болмасын құрылышты орналастыруға тыйым салынады.

3. Жол органдары пайдаланбайтын автомобиль жолдарының бөлінген жиегінің жер участкері жеке және заңды тұлғаларға жолдың көліктік-пайдалану сапасының төмендеуіне жол бермеуі, көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын және қоршаған ортаны қорғау тәртібін сақтауы жағдайында, заңдарда белгіленген тәртіппен шарттық негізде уақытша қысқа мерзімді пайдалануға, сервис объектілерін және жарнаманы орналастыру үшін берілуі мүмкін.

#### 9-бап. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойына сауда, қоғамдық тамақтану объектілерін және басқа да қызмет көрсету объектілері мен жарнаманы орналастыру

1. Жылы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегіндегі сауда, қоғамдық тамақтану және басқа да қызмет көрсету объектілері, сондай-ақ олардың жарнамалары тиісті мемлекеттік бақылаушы органмен алдын ала келісім бойынша, жол органдары белгіленген жерлерге орналастырылуы мүмкін.

2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегіне қызмет көрсету объектілері мен жарнаманы орналастыру және төлем жасау тәртібін Қазақстан Республикасының **Үкіметі** белгілейді.

3-тaraу. МЕМЛЕКЕТТИК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ  
10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс жүргізу аясына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары және жол қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты үйлестіру және жүргізу;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың автомобиль жолдары мен жол қызметі саласындағы қызметіне жалпы басшылық ету, олардың Қазақстан Республикасы заң актілерінің автомобиль жолдары бөлігіндегі талаптарын орындаудын бақылау;

3) автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін, халықаралық және респубикалық жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісінің тізбесін, автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстауга арналған қаржыландыру нормативтерін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктемелері мен көлемдері рұқсат етілгеннен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының өтуі үшін алымды төлеу тәртібі мен төлем бәстерін бекіту;

4) халықаралық және респубикалық маңыздағы автомобиль жолдарын жобалау, салу, қайта салу, жөндеу және ұстау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау автомобиль жолдары желісінің және жол қызметінің келешекті даму бағдарламаларын бекіту;

5) автомобиль жолдары саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес өзге де мәселелер.

11-бап. Автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару  
органдарының өкілеттігі

1. Жол қызметін мемлекеттік басқаруды автомобиль жолдарын дамытуды, сақтауды, жөндеуді және күтіп-ұстауды қамтамасыз ететін үәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырауды.

2. Үәкілетті мемлекеттік органның іс жүргізу аясына мыналар жатады:

1) автомобиль жолдары мен жол қызметін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу;

2) автомобиль жолдары мен жол қызметі саласында бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

3) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын мемлекеттік есепке алу;

4) жол саласын қаржыландыру көздері мен мөлшерін анықтау жөнінде ұсыныс

ә з ірлеу;

5) мемлекет қорғанысы мен Қазақстан Республикасының экономикасын нығайту міндеттеріне сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамытуды мемлекеттік жоспарлау;

6) автомобиль жолдарын дамыту мен пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасуға қатысу;

7) меншік нысандарына қарамастан, жол секторының жұмыс істеу тәртібін анықтайтын заци және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын, сондай-ақ жол қызметіндегі мемлекеттік нормалар мен стандарттардың жобаларын

ә з ірлеу;

8) автомобиль жолдарын жөндеу және ұстай жөніндегі жұмыстарға жұмсалатын шығындарды қаржыландырудың ғылыми негізделген нормативтерін әзірлеу;

9) теңгерімінде республикалық жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бар мемлекеттік ұйымдарды басқару, оларды қаржыландыру жөніндегі жоспарлардың жобаларын әзірлеу, бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету;

10) жергілікті жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісін құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру;

11) жол саласында инвестициялық және әлеуметтік саясатты іске асыру;

12) жол қызметі саласындағы кадрларды оқытып үйретуді және даярауды ұйымдастыру;

13) жол қызметі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;

14) жол жұмыстарын орындауға және республикалық бюджет қаражатының есебінен тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға конкурстар өткізуді ұйымдастыру және шарттар жасасу;

15) автомобиль жолдарын дамыту, күтіп ұстай және пайдалану саласында қабылданған зандарды, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, нормалар мен стандарттарды іске асыру;

16) мемлекеттік ақылы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен жүру үшін төлем бәстерін енгізу тәртібі мен оларды анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

17) қолданылып жүрген нормалар мен ережелерді сақтай отырып, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүктөр мен жолаушылардың жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынша еркін қозғалысын қамтамасыз ету;

18) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Z970163\_Заңына сәйкес жеке және занды тұлғалардың жол қызметін жүзеге асыруға арналған құқықтарының тәндігін қамтамасыз ету;

19) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету;

20) бекітілген нормативтерге сәйкес қазіргі жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу мен ұстайды басымдықпен қаржыландыру;

21) автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

12-бап. Автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілеттігі

1. Автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы облыстық (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті өкілді органдардың құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісе отырып, жергілікті жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, сондай-ақ жергілікті жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желісін және елді мекендердің коммуналдық меншіктегі көшелерін дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту;

2) қала ішіндегі және өзге де елді мекендердегі коммуналдық меншік болып табылатын көшелерді және жергілікті маңыздығы автомобиль жолдарын салуды, жөндеуді және ұстауды қаржыландыруды жергілікті бюджеттердің қаражатынан қамтамасыз ету;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамыту және ұстау мәселелері туралы есептерін тындау.

2. Жол қызметі саласындағы облыстық (Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органдардың іс жүргізу аясына мыналар жатады:

1) тиісті аумақ шегінде жергілікті жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын өзірлеу және іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жол қызметін қаржыландыруға бағытталған қаражатты пайдалану тәртібін анықтау және оның мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету;

3) жалпы пайдаланымдағы жергілікті автомобиль жолдары желісін автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен өзара әрекеттесу арқылы басқару;

4) коммуналдық меншіктегі жолдарды, коммуналдық жол кәсіпорындарын басқару және оларды қаржыландыру жөніндегі жергілікті бюджет баптарын орындау;

5) жол қозғалысы қауіпсіздігін және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

13-бап. Автомобиль жолдарын жоспарлау және дамыту

1. Автомобиль жолдарының дамуын жоспарлауды мемлекеттік органдар, ведомстволық және жеке меншік автомобиль жолдарының иелері ғылыми-техникалық саясаттың негізінде, бекітілген республикалық және аймақтық бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырады. Қалалар мен өзге де елді мекендердің көше-жол желісінің дамуын жоспарлауды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Жол саласында тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік

сатып алу, сондай-ақ осы бағыттағы ғылыми зерттеулер "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Z970163\_ Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Автомобиль жолдарын жобалауды және салуды тиісті қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

4. Автомобиль жолдарын салу мен қайта жаңарту үшін әзірленген техникалық құжаттама белгіленген тәртіппен мемлекеттік, соның ішінде экологиялық сараптамаға түседі, ал жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу үшін - автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгіленген тәртіппен ведомстволық сараптамаға

түседі.

#### 14-бап. Жол қызметін лицензиялау

1. Жол қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы Z952200\_ заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Заңды және жеке тұлғалардың жол жұмыстарын лицензиясыз, не болмаса лицензия шарттарын бұзу арқылы жүзеге асыруы заңдарда белгіленген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

#### 15-бап. Автомобиль жолдарын қаржыландыру

1. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын салуды, жөндеуді және ұстауды қаржыландыру бюджеттік заңдармен белгіленеді.

2. Автомобиль жолдарын қаржыландыруға бөлінген қаражат нысаналы мақсатты болады және автомобиль жолдарын жөндеуге, ұстауға және дамытуға байланысты емес қажеттіліктеге алуға немесе шығындауға жатпайды.

#### 16-бап. Жол органдарының және олардың қызметкерлерінің құқықтары

1. Жол органдары жол полициясы органдарымен және төтенше жағдайлар жөніндегі уәкілетті органдар мен бірлесіп, айрықша жағдайларда (қолайсыз климаттық-аяу райы жағдайлары, табиғи апаттар, автомобиль жолдарының көтеру қабілетінің жойылуы), сондай-ақ жөндеу-құрылыш жұмыстары жүргізілген кезде, бұл жөнінде жергілікті мемлекеттік билік орындарының атқарушы органдарын және автомобиль жолдарын пайдаланушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар ете отырып, көлік құралдарының қозғалысын шектеуге немесе тоқтатуға құқылы.

2. Жол органдарының қызметкерлері жол элементтерін зақымдайтын немесе ластайтын не болмаса жүріп өтуге арнайы рұқсаты жоқ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарын автомобиль жолының қозғалыс бөлігі шегінен шығаруды талап етүгे құқылы.

#### 17-бап. Жол органдарының және автомобиль жолдары иелерінің

## ж а у а п к е р ш і л і г і

1. Жол органдары және автомобиль жолдарының иелері мыналарға жауапты болады

1) қызмет көрсететін автомобиль жолдарын және олардағы құрылыштарды көлік қуралдарының үздіксіз және қауіпсіз жүруін қамтамасыз ететін жөнді жай-күйінде ұстau үшін және табигат қорғау зандарының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін;

2) қолданылып жүрген зандарға сәйкес автомобиль жолдарын пайдаланушыларға жол жағдайларына байланысты туындаған жол-көлік оқиғаларынан келген залалдың орнын толтырып, осы келтірілген залал үшін;

3) жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жиегінің фитосанитарлық жай-күйі үшін және бөлінген жиекте өсімдіктердің зиянкестері орын тепкен жағдайда оларды жою жөнінде қажетті шаралар қолданады.

### 4-тaraу. АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

#### 18-бап. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану

1. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмеген болса, онда жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану құқығы занды және жеке тұлғаларда, соның ішінде шетел мемлекеттерінің занды және жеке тұлғаларында да

б о л а д ы .

2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдаланушылар көлік қуралдарын жол қозгалысы қауіпсіздігін, жолдардың және олардағы құрылыштардың сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйде пайдалануға, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндетті.

#### 19-бап. Ирі көлемді және ауыр салмақты көлік қуралдарының жүрүі

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты көлік қуралдарының жүру ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### 20-бап. Қауіпті жүктөрді тасымалдайтын көлік қуралдарының жүрүі

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүктөрді тасымалдайтын көлік қуралдарының жүру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

#### 21-бап. Автомобиль жолдары маңындағы жеке меншік жер учаскелері иелерінің міндеттері

1. Автомобиль жолдарына аумақтары жанасатын жеке меншік жер участеклерінің иелері мен жерді пайдаланушылар:

1) кіреберіс жолдарды және жалпы пайдаланымдағы жолдарға жанасатын жолдарды салуды жол органдарымен келісуге;

2) жалпы пайдаланымдағы жолдарға жанасатын жолдарды және оларға кіреберіс жолдарды техникалық онды және тиісті санитарлық күйде ұстауға, күл-қоқыстан, кірден және қардан тазартып отыруға;

3) көріністі қыыннататын және қозғалыс қауіпсіздігін нашарлататын материалдар мен конструкцияларды үйіп қоюға жол бермеуге міндettі.

2. Көрсетілген талаптарды орындау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

## 22-бап. Автомобиль жолдарын жұмылдыру әзірлігі

1. Автомобиль жолдарын төтенше жағдайларда, жұмылдыру кезеңінде және соғыс уақытында пайдалану үшін жұмылдыру әзірлігін, ведомствоның бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары жүзеге асырады.

2. Айрықша жағдайларда (табиги апаттарда, жұмылдыру әзірлігін енгізгенде және мемлекеттің қорғаныс қажеттігі үшін) жеке меншік жолдарды жол қозғалысының барлық қатысушылары олардың иесінің келісімін алусыз пайдаланады.

## 23-бап. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың жауапкершілігі

1. Жол жабындысының, жер төсенішінің, көпірлердің, жол құбырларының, суағарлар құрылыштарының, автопавильондардың, жол белгілерінің, жол бойындағы екпе ағаштардың, қорғану құрылғыларының және автомобиль жолдарының басқа да жайластыру элементтерінің зақымдалуына жол берген автомобиль жолдарын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Пайдаланушылар автомобиль жолдары мен жол құрылыштарына тигізген залалын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен толық көлемде өтейді.

3. Автомобиль жолдарын жобалау, салу, ұстау, жөндеу, қайта салу және пайдалану үдерісінде туындастын даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаралады.

## 24-бап. Автомобиль жолдарындағы медициналық жәрдем

Автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғаларында жапа шеккендерге көмекті қозғалысқа қатысушылардың бәрі көрсетуге тиіс, олар жапа шеккендерді сол маңдағы медициналық мекемеге жеткізуге және болған оқиға туралы жол полициясы органына хабарлауға міндетті.

## 25-бап. Қоршаған ортаны қорғау

1. Автомобиль жолдарын салу, қайта салу, жөндеу, ұстасу және оларды пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдардың талаптарын сақтау қамтамасыз етілуі тиіс. Қоршаған ортаны ластауға болмайды.
2. Автомобиль жолдары бойындағы қорғаныш екпе ағаштарды олардың иелері немесе пайдаланушылары тиісті жағдайда ұстасуға тиіс.
3. Қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамағаны үшін кінәлі тұлғалар

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

## 5-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 26-бап. Автомобиль жолдарын мемлекеттік бақылау

Автомобиль жолдарының жай-күйін, ұздіксіз және қауіпсіз жол қозғалысының қамтамасыз етілуін және автомобиль жолдарын пайдалану ережелерінің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жол органдары мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол полициясы органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.